

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Бөбек»-бөбекжай балабақшасы
«Балапан» аралас кіші тобының апталық (28.08-01.09.2023 ж.) циклограммасы 1-апта

Білім беру ұйымы (балабақша/ анағын орталық) "Бөбек"-бөбекжай балабақшасы

Топ: "Балапан" аралас тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.09-01.09.2023-2024жыл

Тәрбиешілер: Құнабаева А.Ж. Камысбаева М.К.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 28.09.23ж	Сейсенбі 29.08.23ж	Сәрсенбі 30.08.23ж	Бейсенбі 31.08.23ж	Жұма 1.09.23ж
Балаларды қабылдау	балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке інірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналармен әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"				
Балалардың дербес әрекеті (бау кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсының аты бар.	"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы биқылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру. Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не	30- тамыз. Конституция күні	Пішін салғын ойыншықпен ойын. (сенсорика, көркемөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау, ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту. Пішіндер шапшыл қалды,	Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика) Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау, ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

	Бас бармақ, Балан үйрек, Орған терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (ерте жас)	көрсендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және тағы басқа). (кіші жас)		Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жынайық, Ұяларға салайық. Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш» Міндеттер: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады. Қолдың ұсақ моторикасы дамиды. (Музыка) (ерте жас, кіші жас)	Кім пирамиданы шашқан, Саязонаны ойнап басқан, Өткір тырнақтарын бүріп, Домалатып, айдап қаншқан? Қимылды ойын. «Домтарды салу» Міндеттер: Домтарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі. (Дене шынықтыру) (ерте жас, кіші жас)
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) 1. "Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты нық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2. "Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты нық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)				

	Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз". Бастапқы калып аяқ нық деңгейінде, коллар белде. Бір орында секіру. 8 рет. Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.				
Таңғы ас	Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемөсі) - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бәсеңдеу дыбыста қосып қою. Ойыншықтарды өздері қолмен ұстап, сипап көруі. "Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсаты - балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Қимылды ойын. «Маған қарай жүтіріңдер». Мақсат-міндеттері негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүтіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; (дене шынықтыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Музыка Пед жоспары бойынша Бір біріміздің артымызға тұрып, поезд болып жүреміз топ бөлмесінде серуен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға		Дене шынықтыру Мақсат-міндеттері саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; (дене шынықтыру) Қимылды ойын «Жүтіріп қағып ал» «Дәміне қарай	Сенсорикадан ойын-жаттығу. "Түрлі түсті шарларды домалату". Мақсат-міндеттері: балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту. 1. Балаларға бір ойыншықпен ойнауды үйрету, іс-әрекеттерді орындау, педагогтің көрсеткен қимылдарын: шарларды домалату,

	"Отбасы" рөлдік ойыны. Ойын барысында отбасы мүшелерін білгізу. Өңгімелеу «Жанғақтармен ойын» жанғақтарды алақан арасына салып айналдыру арқылы жасайды. (мүсіндеу) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту: байланыстырып сөйлеу), жанғақтың суретін салып бояйды (сурет салу) (ерте жас)	беру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, сенсорика) балаларға ойыншықтарды текшелердің немесе үстел үстіндегі жазықтықта әр түрлі жағдайда орналасуын көрсетіп қайталап орындауын қалыптастыру(жатыр, тұр) (құрастыру) (кіші жас)	ажырат!» дидактикалық ойын Балалар жеміс бөліктерін дәміне қарай ажыратады. Жемістер туралы өңгімелеп береді. (сөйлеуді дамыту) жемістер туралы туралы таптак айтады (көркем әдебиет) Алманың суретін салып бояйды (сурет салу мүсіндеу, қоршаған ортамен таныстыру) (кіші жас)	шардың домалап бара жатқанын түсіну. 2. Қолдың ұсақ моторикасын; сөйлеуді, зейінін, логикалық ойлауын, есте сақтауын, қиялын дамыту. 3. Эмоционалдықты тәрбиелеу және ойнауға қызығушылықты арттыру. (сенсорика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) (ерте жас) "Себеттегі шарлар". Максат-міндеттері себеттегі шарларды көру және зерттеу. (сенсорика, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) (кіші жас) (ерте жас) Вариативтік компонент.№2 Тақырыбы: "Қоянға арналған сабақ" Мақсаты: Көкөністермен
--	--	---	--	---

					таныстыруды жалғастыру. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қозғалысты үйлестіру, заттарды ауызша белгілеумен салыстыру. Тактильді сезімдерді ынталандыру. Балаларды ығмақты соққыларға үйрету. Контурдан шықпай, суреттерді бояуға жаттықтыру. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге деген құштарлықты тәрбиелеу. (кіші жас) (ерте жас)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын танытуды арқылы табуды үйрету.				

Серуен	Топыракты бакылау. Максат-миндеттери. Балаларга топырактын дымкыл не кургак болганын корсету, кургак жермен журуди усыну. Педагог дымкыл топыракка табанын басып, балаларга табанга балшыктын жабысатынын корсетуи мумкин. - Балалар, биз дымкыл жерди басып жүрсек, табанымыз кирлеп калады. Абайлаңдар! Кургак жермен жүрейік. - Балалар, топыракта індер болады. Инде нелер жысырынды? Енбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Максат-миндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	Күнді бакылау. Максат-миндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жыл мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға юмылдарды корсетіп жатады, балалар сонынан кайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Енбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған кургак бұтақтарды жинауға шақыру. Максат-миндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп,	Аспанды бакылау. Максат-миндеттері. Балаларга аспанның жоғарыда шатырдай болып тұрғанын, түсін атап айтуды, аспанның ашық немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза, көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры - аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Енбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Максат-миндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	Желді бакылау. Максат-миндеттері. Балаларга жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауды үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Жел бізбен ойнамақ, Оңға-солға жасырынбақ. Жапырақтар да ойнайды, Күннің көзіне жылтындайды. Д. Ахметова - Балалар, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр? - Жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр. Енбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған кургак бұтақтарды жинауға шақыру.
----------------------	---	---	---	--

	"Кім тыныш?" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менін соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз. Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жакта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.	карапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шалапаяқтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балалардың қозғалысты көзбен көру белгісімен		"Саппен жүру жаттығуы". Максат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қалам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-	Максат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, карапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қонырауым қайда?" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта белгі бойынша жүтіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қонырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қонырауды қолға алады. Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.
--	---	---	--	--	---

	Еркін ойындар: аулаға шығарылатын ойыншықтармен ойындар. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) (ерте жас)	үйлестіре алуын дамыту, балаларды белгі бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу) (кіші жас)		теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) (кіші жас)	Педагог келесі жолы қоныраудың орнын ауыстырады. "Шашылған бұршақтарды (дөптарды) жинайық" кимылды жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды шапшаңдылыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) (кіші жас)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу. - Аспазымыз не дайындапты?				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. "Ұйықташы, қозым". Д. Ахметова. Ұйықташы, қозым, Жұмылсын көзің.				

	Үйіңіз тәтті болсын, Денеңіз қуат толсын.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда?" Шығарайық алға. Женімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: шұғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер. - Балалар, қазір бір қолымзды мына ыдысқа салып, әкеміз сияқты қамыр илеп көреміз. Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы	Күшік ойыншығымен ойнату. Максат-міндеттері. Балаларды ойыншыққа, оны жіптен тартып сүйреуге қызығушылықтарын қалыптастыру. Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады. - Күшігім-ай, күшік-ай! Неге жалғыз қалдың ай? - Мен ешқайда кетпедім, Үлкен үйді күзеттім! - Үйді қалай күзеттім? - Ап-ап-ап! Абайлаңдар! Ап-ап-ап! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)		"Қайда екенін көрсет" қимылды жаттығуы. Максат-міндеттері. Дене мүшелерін дұрыс атауды үйрету. Зейін, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Үйрек арба ойыншығымен ойнату. Максат-міндеттері. Балаларды ойыншықпен әртүрлі манипуляция жасау арқылы оны қозғалысқа келтіруге қызығушылықтарын қалыптастыру. Құралдар: үйрек арба	"Сәлем!" мультфильмін көру. Максат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, бәріне жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) (кіші жас)

	саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қалағалау керек. (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту) (кіші жас)	(кіші жас)		ойыншығы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) (кіші жас)	
Балалармен жеке жұмыс	"Қуыршақтар" сюжетті-рольдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Өртүрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін әдепті ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.	"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қарым-қатынас дағдыларын, топта өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету. Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап-сап". Бұлт келсе қап-тап, Жанбыр жауар "там-там".		"Сергіту сәті" Мақсат-міндеттері. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жаттықтыру. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	"Арба" Мақсат-міндеттері. Арба ойыншықты ойнату. Арба ойыншық, Көлік, күшік, мысық, Бір орында тұрмайды, Жібінен тартсан жорғалайды, Дөңгелектері домалайды. Жіпті тартып жүрейік, Көп жерлерге жетейік.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын танбалауын арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарға жауап беру. Өңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Баланың ең сүйікті ойыншығы мен заты", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"				

Тексерді әдіскер: А.М.М.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Бөбек»бөбекжай балабақшасы
«Балапан» аралас кіші тобының апталық (04.09-08.09.2023 ж.) циклограммасы 2-апта

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) «Бөбек»- бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балапан»аралас тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09-08.09 2023-2024 жыл

Тәрбиешілер: Қунабаева А.Ж. Камысбаева М.Қ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 4.09.23ж	Сейсенбі 5.09.23ж	Сәрсенбі 6.09.23ж	Бейсенбі 7.09.23ж	Жұма 8.09.23ж
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, дене ызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".				
Балалардың дербес әрекеті					

(бау қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Таңғы сәлемдесу. Жарықрап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбеккер баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Мақсат-міндеттері. Сәлемдесу рәсімін әдетке айналдыру; жағымды эмоцияларды дамыту. (сөйлеуді дамыту) Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Міндеттері. Балаға қуыршақ ойыншығының сыртқы бейнесі адамның дене мүшелеріне ұқсастығын түсіндіру; эмоциялар сферасын дамыту. Қуыршақтар күлімдейді: "Кел, ойнайық!" - дейді.	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ – байтақ, Балан үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту) "Балабақша қалайық" құрастыру ойыны. Міндеттері. Текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру;	Пішін салғын ойыншықпен ойын. Міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға салайық. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика) "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы. Міндеттері. Көркемсөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жусаң таза болады, Беті - қолың, маңдайың.	Бауы байланатын ойыншықпен ойнату. Міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; бауды баулауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: бауы байланатын ойыншықтар. Бауды ұшынан алайық, Тесіктен өткізіп байлайық (сөйлеуді дамыту, сенсорика) "Ойыншық мысықпен ойындар". Міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге	"Кімдікі?" дамытушы ойыны. Міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; отбасындағы заттардың кімге қажет екенін анықтау; еске сақтау қабілетін дамыту. Педагог көзілдірік, қамыс таяқ, ожау, тістеуіктер, қуыршақ, қонжық ойыншығы сияқты ойыншық заттарды балалардың алдарына қояды. Бұнда ата-ананы атамауы да мүмкін, жанындағы немесе кейіпкер ойыншықтарға да үлестіруді ұсынуға болады. (сөйлеуді дамыту) "Торғай" саусақ жаттығуы. Міндеттері. Балаларды тақпақты
---	--	--	---	---	--

	Қуыршақты тербетейік: "Үйықташы",- дейік. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар. "Қуыршақ Дана". Міндеттері. Балаларды қуыршақпен таныстыру барысында оның дене мүшелерінің негізгі атауларымен таныстыру; қуыршақтың сыртқы дене мүшелерінің қозғалу қасиеттерін көрсете отырып, қуыршақтың денесінен көрсете білуге талпындыру; ортақ ойындарға қуыршақпен бірге қосылуда машықтандыру.	жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалар құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастырады. (құрастыру) "Қуыршақтарға кәмпіттер" (мүсіндеуден ойын-жаттығу) Міндеттері. Балаларға түрлі түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауды (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу дағдысын жетілдіру. Мүсіндеу барысында қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың	(сөйлеуді дамыту, сенсорика)	және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Мысық, мысық, мысығым, Жолға отырма, пысығым. "Тэй-тэй" басқан бөпешім, Жолдан өтем демесін. Сенен аттай алмайды, Құлап қалып жүрмесін! (Тусипжанова-Шагирова А.) (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томбайып, Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Балалар бас бармақтарын біріктіреді, құстың ұшқанын келтіреді, алақандарын қағады. Сұх саусақтарымен үстел үстін қағады. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)
--	---	--	-------------------------------------	---	--

		ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын қалыптастыру; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. Саусақ жаттығуы. Саусақтарды аш, жап, Шапалақта, шап-шап. Жұдырықтан, бұлттан, Тамшылатып, там-там.			
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру) 1. "Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы калып: аяқты нық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы калыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2. "Шапалақтаймыз" Бастапқы калып: аяқты нық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.) 3. "Көңілді баламыз". Бастапқы калып аяқ нық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 рет. Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда?				

	Табақшамыз қайда? Өзімізге жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбыс бөсен, салмақты әуенжазбасын қосу. Қайырлы таң, балақайлар! Қайырлы таң, мөлдір қайнар! Күніміз де бізге күлімдейді: "Сәлем, сәлем!"- дейді. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру "Дана қуыршақпен сапқа тұру". Максат-міндеттері. Балаларға Дана қуыршақпен бірге сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу. (ерте жас,кіші жас)	Музыка Пед жоспары бойынша "Қуыршақ Әйгерімнің барабаны". Максат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді есті отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру;	Дене шынықтыру. "Тактай бойымен жүреміз". Максат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тактайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасағанда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Данамен бірге жаттығуларға қосылуға ынталандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын жетілдіру, дене, қол, аяқ бұлшық еттерін	Дене шынықтыру. "Еңбектейміз ерінбей!" Максат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тактайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдық	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Ойыншықтар". Максат-міндеттері. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік беру, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атау, қимылдарды қайталауды үйрету. Ойыншық арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және еске сақтау қабілеті мен тілін дамыту.

		музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауды үйрету, барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру. "Барабан" ойыны. Максат-міндеттері. Музыкалық аспаптарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. (ерте жас,кіші жас)	дамыту; жаттығуларды дұрыс жасай білу қабілетін жетілдіру. "Түлкі мен балапандар" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Ойын ережесі бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту. (ерте жас,кіші жас)	дағдыларын дамыту; дене, аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру. "Тышқан мен мысық" қимыл ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды шапшаң әрі шыдамды болуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (ерте жас,кіші жас)	"Пирамида жинайық" жаттығуы. Максат-міндеттері. Өз орнында бір ойыншықпен қызықты ойын ойнауды үйрету. (ерте жас,кіші жас) Вариативтік компонент.№1 Тақырыбы: « Тостағанды көлеміне қарай екі топқа бөлу»» Максаты: Балаларды көлемі әртүрлі, түсі бірдей тостағандарды (үлкен, кіші) екі топқа бөлуге үйрету. Тостаған дөңгелекке ұқсайтынын түсіндіру. Д/ ойын: «Қайсысы үлкен?» (кіші жас)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таныта отырып арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Сұхбатхананы	Күнді бақылау.	Желді бақылау.	Желді бақылау.	Бұлттарды

бақылау, (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, сұхбатханада күнде жөнелатын боламыз, бұл жерде ыстық күндері салқын,	(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасқанын және жарқырайтынын байқату, күннің жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жаю, жоғары созу, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға күншалдарды көрсетіп жатады, балалар оның сонынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдары, жел, созайық.	(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету, байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлжылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға	(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлжылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету, бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау	бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. Қ. Мырза Әли "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. "Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Балаларға бір бағыттан екінші
--	--	--	--	--

суық күндері жылы болады, жел мен жанбыр өтпейді. Сұхбатханамыз тамаша жер! "Біз көңілді баламыз" кимылды жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтереміз нықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Максат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты	Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. "Сары күнге ұқсап" кимылды жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқсап (қол белде, басты оңға-солға шайқау). Біз жүреміз "сапсап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру). Жанбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Дөңты қағып ал" кимылды жаттығуы. Максат-міндеттері.	ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шанылған бұршақтарды (дөңтарды) жинайық" кимылды жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа,	қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсындар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұхият болыңдар! Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттапайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс күшін қолданады, балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді. "Әткеншек" кимылды ойыны. Максат-міндеттері.	көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасындар". "Шенберден шықпа" жаттығуы. Максат-міндеттері. Балаларды шенберге тұрып, шенбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұхияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) (кіші жас)
--	---	--	--	--

	қосып секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыюқан торғтарын безендіруді үйрету. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Максат-міндеттері. Балаларды тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуі үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру) кіші жас)	Балаларды донты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) (кіші жас)	дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру) (ерте жас,кіші жас)	Балаларды шенберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай жимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен. Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) (ерте жас,кіші жас)	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде іешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту, дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Халық ауыз әдебиетіндегі "Өлді-әлді, ақ бөпем" бесік	Киімдерін ұқыпты орындарға іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекпаның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)

	жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіне тоқым жабайын. (сөйлеуді дамыту)	тыңдайды. (музыка)		(музыка)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Женімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. (көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылары)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуда бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баян қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Доп кетті домалап" (сурет салудан ойын- жаттығулар) Мақсат-міндеттері. Балаларды сурет қарындаш сурет салу құралымен таныстыру, оны үш саусақпен ұстап, түзу бағытта	"Маша мен Аю" ертегісі" (көркем әдебиеттен ойын- жаттығулар) Мақсат-міндеттері. Балаларды "Маша мен Аю" ертегісі желісімен таныстыру, мұқият тыңдауды үйрету; кейіпкерлердің	"Жолмен жүрейік" (құрастырудан ойын- жаттығулар) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану дағдыларын қалыптастыру; құрылыс материалдарымен	"Аю мен қоянжық" (қоршаған ортамен танысудан ойын- жаттығулар) Мақсат-міндеттері. "Аю мен қоянжық" суретімен таныстырғанда балалардың байқағыштығы мен зейінін, тілін,	"Саусақтар" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балаларды мультфильмді көріп, саусақтарын белгілі тәртіпте қимылдатуда, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.

көзден сызықтар қалдыруды үйрету; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетінде педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға дағдыландыру. Қолдың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру. "Допты сипайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттың қасиеттерін тануды үйрету. "Дананы тамақтандырамыз" дидактикалық ойыны.	қайталама бірыңғай жолмен айтылатын сөздерін еске сақтауды, айтуға талпындыру; Мама мен аяудың ормандағы тіршілігі туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, еске сақтауын дамыту. "Себеттерді толтырайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Ауызша нұсқауды дұрыс орындауды, заттарды бөлек ыдыстарға жинауды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. "Кімге нені береді?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі отбасы мүшесіне берілетін заттар ретін есте сақтауды, қайта айтып берулі	әрекет жасағанда қолдың ұсақ моторикасын, зейіні және қабылдау қабілетін дамыту. "Жолмен жүргіземін" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Кіріпшітерді қалап ойнауды үйрету. Зейін, еске ақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. "Күн ойынына ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің сонынан ырғақты қимылдарды жасауға жаттықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: күннің суреті немесе нақпінші. Күн ойынына ұқсап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлттар келсе қап-тап (жұдырықты кеуде алдында өзара	эмоциялық қабылдауын дамыту. "Аю қайда тығылды?" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Зейін, ойлау, сөйлеуді дамыту. Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде енбектенеді. Тыным таппай күнге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі-берлі қозғалды, Тырсылдатты жан-жақты. Бір, екі, үш, төрт,	"Жіптерді түстеріне сай ыдыстарға жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі түсті жіптер орамдары, жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. Көктем мерекесі – Аналар мерекесі. Әже, әпке, қыздарға Сыйлыақа не дайын? (сөйлеуді дамыту, құрастыру) (ерте жас, кіші жас)
---	---	--	---	--

	Максат-міндеттері. Балаларды тамақтану рәсіміне баулу; педагог арқылы ойыншықпен қатынасу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөлене білу қабілеттерін дамыту. Шарты: қуыршақтың алдына келіп "Дана, тәттіні жеші" сөздерін айту, қасықпен тамақтандыру қимылдарын жасау. Құралдар: ойыншық үстелі, орындық, ыдыстар, қуыршақ (сурет салу, сөйлеуді дамыту) кіші жас)	жаттықтыру. - Данада ойыншық көп, - Бөлісемін, - дейді ол. - Көлікті - атаға, Қуыршақты - әжеге, Допты - әжеге, Текшені - анаға. - Дана, ал сен нені қалайсың? Қандай ойыншықпен ойнайсың? - Жарайды, - дейді Дана, - ойнайын. - Қандай ойыншықты алайын? "Айна" ойыны. Максат-міндеттері. Зейінді, есте сақтауды, байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту. 4-6 баладан тұратын топ сапқа тұрады. Қалғандары көрермендер болады. Педагог балалардың алдына тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды.	айналдыру), Жаңбыр жаусын "там-там" (алақанды саусақпен соғу, хормен екі-үш рет "сап-сап", "там-там" дегенді қайталау). (құрастыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) кіші жас)	бес, Жұмысқа кіріс тез. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз) (ерте жас,кіші жас)	
--	---	--	---	--	--

		Балалар педагогтің барлық қимылдарын мұқият қайталайды. Содан кейін келесі балалардың тобы ойнайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) кінші жас)			
Балалармен жеке жұмыс	"Қуыршақтар" Максат-міндеттері. Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Қуыршақтар күлімдейді: - Кел, ойнайық! - дейді. Қуыршақты тербетейік: - Ұйықташы, - дейік. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Максат-міндеттері. Саусақ санамағы арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бас бармақ байтақ, Балан үйрек - көмек, Ортан терек - бөлек, Шылдыр шүмек - керек, Кішкентай бөбек - көбелек, көбелек. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Пішін салғыш ойыншықпен ойын". Максат-міндеттері. Пішін салғыш ойыншықтармен ойнау. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға салайық. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Сергіту сәті" Максат-міндеттері. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жаттықтыру. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы. Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап-сап". Бұлт келсе қап-тап, Жаңбыр жауар "там-там". (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларға өз күндерін тануды, атауды, өз шкафын таныта отырып арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)				
Балалардың дербес әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау, ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік).				

	Үяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Максат-міндеттері: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. Қимыл-қозғалыс ойыны. "Менің көңілді добым..." Максат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылғанда ғана допты қуалау керек. Тыным алу жаттығуы.
Балалардың үйге қайтуы	Өңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".

Тексерді әдіскер:

